



010000, Астана к., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел. 55-66-31, 55-66-35, факс. 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел: 55 66 31, 55 66 35, факс: 55 72 94

№  
05.03.2018 № 4 те

Тұрақты комиссияның  
2018 жылғы 5 қыркүйектегі  
қаулысы

Астана қаласы аумағының  
функционалды аймағын салудың  
қала құрылышы регламентінің  
жобасы туралы

«Астана қаласы аумағының функционалды аймағын салудың қала құрылышы регламентінің жобасы туралы» ақпаратты (бұдан әрі - Жоба) тыңдал, талқылай отыра, Астана қаласы мәслихатының құрылыш, экология, көлік, сауда және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы Жоба Қазақстан Республикасы Жер кодексінің, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер мен қала құрылышы саласындағы нормативтік-техникалық құжаттардың негізгі ережелеріне сәйкес әзірленгендейгін атап айтты.

Қала құрылышы регламенті жалпы және аумақтық бөліктерден мәтіндік және графикалық материалдар түрінде тұрады және Астана қаласының аумағын тұрақты дамыту үшін нормативтік құқықтық акт ретінде қолданысқа енгізіледі.

Жобаны қабылдау жер пайдаланудың және қала аумақтарының функционалдық құрылышының барынша тиімділігін арттыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, инвестицияларды (тұрғын үй құрылышына, коммерциялық қызметке, әлеуметтік, өндірістік және инженерлік инфрақұрылымға) тарту үшін нормативтік-техникалық құжаттардың негізгі ережелеріне сәйкес әзірленгендейгін атап айтты.

Жоба Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейді және қаралатын деңгейдегі нормативтік құқықтық актілерге қойылатын талаптарға жауап береді. Жобаны іске асыру теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарларға әкеп соқпайды.


Жоба Кала құрылышы кеңесінің отырысында алдын ала қаралды және 20108 жылғы 14 ақпандығы №5 хаттамамен бекітілді.

Жоғарыда айтылғаның негізінде, қалалық мәслихаттың құрылыш, экология, көлік, сауда және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ**:

1. «Астана қаласы аумағының функционалды аймағын салудың қала құрылышы регламентінің жобасы туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. Астана қаласы аумағының функционалды аймағын салудың қала құрылышы регламентінің жобасы макұлдансын және қалалық мәслихаттың сессиясына қарауға енгізілсін.

**Астана қаласы мәслихатының  
құрылыш, экология, көлік, сауда  
және тұрғын үй – коммуналдық  
шаруашылық мәселелері жөніндегі  
тұрақты комиссиясының төрағасы**



С. Жұнісов